ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 қаңтар іс №1013-24-00-2/3080 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судьясы С.Ш. Туратпаев,
қойылған талап қою бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Абай облысы білім басқармасының "№ 5 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"Aishon" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Абай облысы білім басқармасының "№ 5 арнайы мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Aishon" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Aishon" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Aishon" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 8439 (сегіз мың төрт жүз отыз тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы, 2099 (екі мың тоқсан тоғыз) теңге мемлекеттік бажы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы тарап осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы бір ай мерзімде апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С.Ш.Туратпаев**

Құжатқа қол қойылған: Туратпаев С. Ш., 05.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Байжумбаева А. С., 18.06.2025

1013-24-3-1/3061